

ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары  
технологиялық медициналық қызметті  
үйлестіру жөніндегі республикалық орталық»  
ШЖҚ РМК директорының  
2023 жылғы «03» 08 № 23/34 1612  
бұйрығымен «Бекітілген»

**ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық  
медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі  
республикалық орталық» ШЖҚ РМК Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы**

**Астана қ., 2023 жыл**

## 1. Жалпы ережелер

1. ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Орталық) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулық атқаратын лауазымына қарамастан Орталықтың барлық қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

3. Осы Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық жағдайы туындаған жағдайда қызметкер үшін іс қимыл алгоритмін сипаттайды.

4. Пара алу және беру жөніндегі іс - әрекеттер заңға қайшы және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) қолданысына жатады. Егер ақша, өзге де мүлік, материалдық қызметтер көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның/ уәкілетті тұлғаның туыстары мен жақындарына оның келісімімен берілген болса не егер ол бұған қарсы болмаса және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, уәкілетті тұлғаның іс-әрекеті пара алу ретінде саралануы тиіс. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес пара беру және параға коммерциялық сатып алу нысанасы ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар өтеусіз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын мүліктік сипаттағы пайда болуы мүмкін.

Ескертпе. ӘҚБтК-де әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған не әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік сектордың субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын немесе орындаған адамдар – лауазымды адамдар деп танылады.

ҚР ҚК бойынша мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам (бұдан әрі – уәкілетті адам) – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты,

көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері; қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері.

Мүліктік сипаттағы пайданы, атап айтқанда, берілетін мүліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнын төмендету, жалдау төлемдерін, банктік несиелерді пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлемелерді азайту деп түсіну керек.

5. Пара алу және пара беру, бір қылмыстық модельдің екі толық жағы егер пара туралы айтатын болсақ, бұл пара алатын адам (пара алушы) және оны беретін адам (пара беруші) бар дегенді білдіреді. Пара бойынша делдалдық мүмкін.

6. Пара алу - бұл ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе уәкілетті адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алуынан тұратын бопсалаумен бірге жүрсе.

7. Пара беру - уәкілетті адамды заңды немесе заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға итермелеуге не берушінің пайдасына, оның ішінде қызмет бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

8. Парақорлыққа делдалдық ету - пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімді іске асыруға қол жеткізуге ықпал ету.

9. Мыналар:

- **заттар** - ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

- **қызметтер мен пайдалар** - емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, шипажай және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа шығындарды ақысыз немесе төмен бағамен төлеу;

- **параның жасырын (бүркемелі) түрі** - қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түріндегі банктік қарыз, төмен бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушының, оның туыстарының, достарының жалақысын төлей отырып, жалған еңбек шарттарын жасау, жеңілдетілген кредит алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыны асырып көрсету, казинода "кездейсоқ" ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемені арттыру және т.б. пара болуы мүмкін.

10. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында өтініштер туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін

хабардар ету туралы міндеттемені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды. Айта кету керек, кейбір сөздерді, сөз тіркестерін және қимылдарды басқалар пара беру туралы өтініш (кеңес) ретінде қабылдауы мүмкін. Мұндай сөздерге мыналар жатады, мысалы:

- «Бұл мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін»;
- «Құр алғыс азық болмайды»;
- «Келісеміз»;
- «Бұл дәлел жеткіліксіз»;
- «Параметрлерін талқылау қажет»;
- «Енді не істейміз?».

Ұйымдар өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе пайдасы уәкілетті тұлғаның шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін. Мұндай тақырыптардың қатарына, мысалы:

- жалақының төмен деңгейі және белгілі бір қажеттіліктерді іске асыруға ақшалай қаражаттың жетіспеушілігі;
- белгілі бір мүлікті сатып алуға, белгілі қызметті алуға, туристік сапарға шығуға деген ұмтылыс;
- уәкілетті тұлғаның туыстарының жұмыссыздығы;
- уәкілетті тұлғаның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі жатады.

11. Уәкілетті адамнан келетін белгілі бір ұсыныстар, әсіресе егер олар пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты ұйымдардың өкілдеріне және азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл мұндай ұсыныстар жақсы ниетпен айтылған және мұндай адамның жеке пайдасына ешқандай қатысы жоқ болған жағдайда да мүмкін. Мұндай ұсыныстарға, мысалы, мынадай сөйлемдер жатады:

- уәкілетті тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісім-шарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- белгілі бір қайырымдылық орталығына ақша салу;
- белгілі бір спорт командасын қолдау және басқалар.

12. Пара ұсынудың кейбір жанама белгілері:

- ықтимал пара туралы әңгіме тұспалы сипатта болады, пара берушінің сөзі даулы мәселені оң шешкен кезде оған ақша беретіні немесе қандай да бір қызмет көрсететіні туралы ашық мәлімдемелері жоқ бір буынды сөйлемдерден тұрады, бұл ретте ешқандай қауіпті сөздерге жол берілмейді;

- әңгімелесу барысында пара беруші куәгерлер немесе аудио, бейне техника болған кезде, ымдау немесе бет қимылымен бұл мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) шешу мүмкіндіктерін талқылауға дайын екенін анық көрсетеді;

- параның сомасы немесе сипаты айтылмайды, сонымен бірге тиісті сандар қағазға жазылуы, калькуляторда немесе компьютерде терілуі және әлеуетті пара

алушыға көрсетілуі мүмкін;

- пара беруші күтпеген жерден әңгімені үзіп, материалдар бар буманы, конвертті, портфельді, пакетті қалдырып, сылтау тауып, үй-жайдан шығып кетуі мүмкін;

- пара беруші байланыстың жалғасын мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға бағыттай алады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа бағытталған ықтимал жағдайлар, сондай-ақ мінез-құлық ережелері бойынша ұсынымдар.

Арандатулар:

қызмет көрсетушілер, өзге ұйымдардың қызметкерлері, Орталық қызметкерлері, уәкілетті тұлғалар тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау үшін қызметті жүзеге асыру кезінде:

- келушілер және жеке заттар (киім, портфельдер, сөмкелер және басқа да заттар) орналасқан қызметтік үй-жайларды қараусыз қалдырмау;

- келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттар арасында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, дербес іс-қимыл жасамай, басшылыққа дереу баяндау.

Параны бопсалап сұрау:

- бопсалау фактісі туралы жазбаша немесе ауызша жоғары тұрған басшылыққа хабарлау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарлау.

## **2. Пара ұсынған немесе бопсалаған жағдайда қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі**

14. Пара ұсынған немесе бопсалаған жағдайда:

- пара беруші (пара бопсалаушы) пара алуға (беруге) дайындық ретінде немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсіндіре алатын асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, сыпайы, жағымпазданусыз әрекет ету;

- Сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, есте сақтау (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, пара беру мерзімдері мен тәсілдері, пара беру нысаны, мәселелерді шешу реттілігі);

- пара беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге ауыстыруға тырысу және келесі кездесуге жақсы таныс орнын ұсыну;

- әңгімеде бастаманы өзіңізге алмаңыз, әлеуетті пара алушыға (пара берушіге) "сөйлеуге", Сізге мүмкіндігінше көп ақпарат беруге мүмкіндік беріңіз;

- егер Сізде диктофон болса, пара немесе оны бопсалау туралы ұсынымды (жасырын) жазуға тырысыңыз.

## **3. Пара беру немесе бопсалау фактісінен кейін қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі**

15. Өз қалауыңыз бойынша Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына ауызша немесе жазбаша өтінішпен жүгіне аласыз.

16. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі жасырын өтініш болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші жасырындылыққа байланысты жауап ала алмаса да, ал қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

17. Сізге пара немесе заңсыз сыйақы ұсыну (бопсалау) фактісі туралы жазбаша өтінішті ресімдеу кезінде мыналарды нақты көрсету қажет:

- кім (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) Сізге (сізден) пара ұсынады (бопсалайды) немесе коммерциялық құрылымдар өкілдерінің қайсысы Сізді заңсыз әрекеттерді жасауға итермелейді;
- бопсаланатын параның (заңсыз сыйақының) сомасы мен сипаты қандай;
- қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара ұсынады (бопсалайды) немесе заңсыз сыйақы жасалады;
- пара қай уақытта, қай жерде және қалай тікелей берілуі керек немесе заңсыз сыйақы төленуі керек;
- заңнамада белгіленген тәртіппен жіберу;
- болашақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның нұсқауларына сәйкес әрекет ету.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар қызметкерлер осы Нұсқаулыққа сәйкес басшылықты хабардар ету жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Қызметкерлер мүмкіндігінше өз дәлелдері бойынша дәлелдемелік базаны (куәгерлер, құжаттар, хат-хабарлар, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және т. б.) ұсынады және оны сыбайлас жемқорлық сипатындағы қызметкерлердің іс-қимыл алгоритміне сәйкес уәкілетті органға және жоғары тұрған басшылыққа береді.

#### **4. Сыбайлас жемқорлық жағдайындағы қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі**

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар Орталық қызметкерлері осы Нұсқаулыққа сәйкес басшылықты хабардар ету жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

20. Орталықтың бекітілген штаттық құрылымына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық сипатындағы белгілері бар жағдайлар анықталған және/немесе кездескен жағдайда барлық қызметкерлердің іс-қимылдарының мынадай алгоритмі әзірленді:

Орталықтың орталық аппаратының қызметкерлері

1) Орталық қызметкерлері тікелей басшыға және Комплаенс-менеджерге (оны алмастыратын адамға) 30 минут ішінде дереу хабарлауға тиіс;

**5. Уақтылы және тиісінше әрекет ету және Орталықтың уәкілетті тұлғаларына хабарлау үшін заңнама нормаларының бұзылуына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын тапсырманы орындауға алған жағдайда Орталық қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі**

21. Заңнама нормаларының бұзылуына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын тапсырманы орындауға алған жағдайда тапсырма орындаушысы (оны алмастыратын адамды) тапсырманы орындаудың негізділігін және тапсырманы орындаудың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін Орталық директорына кейіннен жеткізу және хабардар ету мақсатында 1 (бір) жұмыс күні ішінде Орталықтың Комплаенс-менеджерін дереу хабардар етуі қажет (Орталықтың Комплаенс - менеджері).

**6. Қорытынды ережелер**

22. Осы Нұсқаулық бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

23. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар олар бекітілген күннен бастап күшіне енеді.